

Кәсіпшілік күш-жігер нормативтерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің
2018 жылғы 12 шілдедегі № 298 бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1
тамызда № 17257 болып тіркелді

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,
08.08.2018 ж.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағы 77-2) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес балық шаруашылығы су айдындарындағы және (немесе) учаскелеріндегі кәсіпшілік күш-жігер нормативтері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан
Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан
Республикасының
Ауыл шаруашылығы
министрі*

Ө. Шөкеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2018 жылғы 13 шілде

Қазақстан
Республикасы
Премьер-
Министрінің
орынбасары –
Қазақстан
Республикасының
Ауыл
шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы
12 шілдедегі №
298 бұйрығына
қосымша

**Балық шаруашылығы су айдындарындағы және (немесе)
учаскелеріндегі кәсіпшілік күш жігер нормативтері**

№	Су айдындары	Аулардың саны		Жылымдардың/ қабадалардың саны		Балықшылардың саны		Кемелердің саны**	Қайықтардың саны		
		Бір б/у*	Барлық б/у	Бір б/у	Барлық б/у	Бір б/у	Барлық б/у	Бір б/у	Барлық б/у	Бір б/у	Барлық б/у
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Халықаралық маңызы бар су айдындары											
1	Жайық өзені	-	-	2	32	20	320	2	32	6	96
2	Қиғаш өзені	-	-	4	28	20	140	2	14	6	42

3	Каспий теңізі (Теңізде аулау)	300	5400	300	5400	30	540	2	36	6	108
4	Жайсан көлі	200	1400	8	56	146	1022	6	42	12	84
5	Бұқтырма су қоймасы	183	2019	3	33	40	440	1	11	4	44
6	Шұлбі су қоймасы	30	300	1	10	10	100	1	10	4	40
7	Қапшағай су қоймасы	40	800	1	20	10	200	1	20	4	80
8	Шардара су қоймасы	-	-	2	8	16	64	2	8	4	16
9	Кіші Арал теңізі	400	7000	-	-	40	720	2	36	6	108
10	Сырдария өзені	150	600	1	4	15	60	1	4	4	16

Республикалық маңызы бар су айдындары

11	Алакөл көлі	40	360	1	9	10	90	1	9	4	36
12	Сасықкөл көлі	20	300	1	15	10	150	1	15	4	60
13	Қошқаркөл көлі	60	60	2	2	20	20	-	-	4	4

Балқаш көлі

№	Аудан номері	Аулардың саны, дана	Жылымдар саны, дана	Балық аулаумен айналысатын балықшылар саны	Саны, бірлік	
					Моторлы қайық	Балық аулау кемелері
1	2	3	4	5	6	7
1	1	314	15	106	11	30
2	2	403	10	80	13	20
3	3	527	11	92	17	22
4	4	431	7	64	15	14
5	5	276	1	20	9	2
6	6	545	5	57	18	10
7	7	473	2	36	16	4
8	8	201	1	16	7	2
9	9	201	1	16	7	2
10	10	101	1	11	3	2
11	11	128	-	6	4	-
Барлығы		3600	54	504	120	108

Ескертпе:

*б/у – балық аулау кәсіптік учаскелері;

** – кемелер ретінде шағын көлемді кемелерді қоспағанда, балық аулауға қолданылатын барлық кемелер түрі пайымдалады.